

Шетел тілі сабақтарында пәнаралық байланыстарды кіріктіріп оқытудың әдістемелік негіздері

ЖАРИЯЛАНДЫ
11.05.2026

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/188600/>

Ерманова Бану Нұрпейісқызы

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық Зерттеу университеті,
Шетел тілдері факультеті, 3 курс
Ғылыми жетекші: **Сагадиева К.К.**

Қазіргі білім беру жүйесінде шетел тілін оқыту тек тілдік дағдыларды қалыптастырумен шектелмей, білім алушылардың жан-жақты дамуына бағытталауда. Осы тұрғыда пәнаралық байланыстарды кіріктіру оқытудың тиімділігін арттырып, білім мазмұнын терең әрі мағыналы игеруге мүмкіндік береді. Шетел тілі сабақтарында әртүрлі пәндермен байланыс орнату білім алушылардың сыни ойлау, талдау және коммуникативтік қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Сондықтан пәнаралық интеграцияны жүзеге асырудың әдістемелік негіздерін анықтау қазіргі педагогиканың өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Мақсаты:

Шетел тілі сабақтарында пәнаралық байланыстарды кіріктіріп оқытудың әдістемелік негіздерін айқындау және оның білім сапасына әсерін талдау.

Міндеттері:

1. Пәнаралық байланыс ұғымының теориялық негіздерін саралау.
2. Шетел тілі сабақтарында кіріктірілген оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін анықтау.
3. Пәнаралық байланыс арқылы білім алушылардың танымдық және коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту жолдарын көрсету.

Қазіргі жаһандану жағдайында білім беру жүйесіне қойылатын талаптар айтарлықтай өзгеруде. Әсіресе, шетел тілін оқыту үдерісі тек грамматикалық және лексикалық білім

берумен шектелмей, білім алушылардың тұлғалық, мәдени және кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға бағытталуы тиіс. Осыған байланысты пәнаралық байланыстарды кіріктіріп оқыту мәселесі өзекті болып отыр. Пәнаралық интеграция білім мазмұнын жүйелеуге, білім алушылардың дүниетанымын кеңейтуге және алған білімдерін өмірде қолдана алу қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл бағытта көптеген ғалымдар пәнаралық байланыстың маңыздылығын атап өтеді.

Педагогика ғылымында пәнаралық байланыс ұғымы әртүрлі қырынан қарастырылады. Мысалы, белгілі педагог-ғалым И.Я. Лернер пәнаралық байланысты білім мазмұнын жүйелеудің маңызды құралы ретінде қарастырып, оның оқыту үдерісіндегі рөлін ерекше атап көрсетеді. Оның пікірінше, пәнаралық байланыс білімнің тұтастығын қамтамасыз етіп, оқушылардың қоршаған ортаны кешенді түрде қабылдауына мүмкіндік береді [1, 346]. Ал В.В. Давыдов дамыта оқыту теориясында білім алушылардың ойлау қабілеттерін дамыту үшін пәндер арасындағы байланысты тиімді пайдаланудың қажеттілігін негіздейді. Ол білімді тек дайын күйінде бермей, оны түрлі пәндер арқылы өзара байланыстыра отырып меңгерудің маңыздылығын көрсетеді [2, 566].

Шетел тілін оқыту әдістемесінде де пәнаралық байланыс ерекше орын алады. Ғалым Н.Д. Гальскова шетел тілін оқытуды мәдениетаралық коммуникация құралы ретінде қарастырып, басқа пәндермен байланыс орнату арқылы тіл үйренудің тиімділігін арттыруға болатынын дәлелдейді. Оның пікірінше, шетел тілін оқыту барысында тарих, география, әдебиет сияқты пәндермен байланыс орнату білім алушылардың тілдік және мәдени құзыреттіліктерін қатар дамытуға мүмкіндік береді [3, 786].

Сонымен қатар, Е.И. Пассов коммуникативтік әдіс негізінде шетел тілін оқытудың тиімді жолдарын зерттей отырып, пәнаралық байланыстың сөйлеу әрекетін дамытудағы рөлін ерекше атап өтеді. Ол шынайы өмірлік жағдаяттарды модельдеу үшін әртүрлі пәндік мазмұнды пайдалану қажеттігін көрсетеді [4, 1126]. Бұл тәсіл білім алушылардың тілдік дағдыларын ғана емес, сонымен қатар олардың логикалық ойлау, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін де дамытады.

Пәнаралық байланысты кіріктірудің әдістемелік негіздерін қарастырғанда, ең алдымен оқыту мазмұнының құрылымына назар аудару қажет. Оқыту мазмұны білім алушылардың жас ерекшеліктеріне, тілдік деңгейіне және оқу мақсаттарына сәйкес құрылуы тиіс. Мысалы, бастауыш сыныптарда шетел тілін оқыту барысында қарапайым тақырыптар арқылы математика, дүниетану пәндерімен байланыс орнатуға болады. Ал жоғары сыныптарда күрделі мәтіндер арқылы тарих, экономика, экология сияқты пәндермен интеграция жасау тиімді болып табылады.

Ғалым Ж. Аймауытов өз еңбектерінде оқыту үдерісінде пәндерді өзара байланыстырудың маңыздылығын атап көрсеткен. Оның пікірінше, білім алушыларға білімді бөлшектеп емес, тұтас жүйе ретінде беру қажет, себебі бұл олардың ойлау

қабілетін дамытуға ықпал етеді [5, 416]. Сонымен қатар, Ы. Алтынсарин де оқыту барысында түрлі пәндерді байланыстыра отырып, білім берудің тиімділігін арттыруға болатынын өз тәжірибесінде дәлелдеген [6, 226].

Пәнаралық байланысты жүзеге асырудың негізгі әдістерінің бірі – кіріктірілген сабақтар. Кіріктірілген сабақтарда бір тақырып бірнеше пән тұрғысынан қарастырылады. Мысалы, «Қоршаған орта» тақырыбын шетел тілінде оқыту барысында биология және география пәндерімен байланыс орнатуға болады. Бұл білім алушылардың тақырыпты тереңірек түсінуіне және тілдік материалды тиімді меңгеруіне мүмкіндік береді.

Тағы бір тиімді әдіс – жобалық оқыту. Жобалық жұмыстар барысында білім алушылар белгілі бір мәселені шешу үшін әртүрлі пәндерден алған білімдерін қолданады. Бұл олардың зерттеушілік қабілеттерін дамытуға және өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Ғалым Дж. Дьюи жобалық оқытуды білім алушылардың белсенділігін арттыратын және олардың өмірлік тәжірибесімен байланыстыратын тиімді әдіс ретінде қарастырады [7, 656].

Сонымен қатар, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану да пәнаралық байланысты жүзеге асырудың маңызды құралы болып табылады. Мысалы, шетел тілін оқыту барысында түрлі онлайн платформалар, бейнематериалдар және интерактивті тапсырмалар арқылы басқа пәндермен байланыс орнатуға болады. Бұл білім алушылардың қызығушылығын арттырып, оқу үдерісін жандандырады.

Пәнаралық байланысты кіріктіру барысында мұғалімнің рөлі ерекше. Мұғалім тек білім беруші емес, сонымен қатар бағыттаушы, ұйымдастырушы және кеңесші болуы тиіс. Ол сабақ барысында түрлі пәндер арасындағы байланысты дұрыс ұйымдастырып, білім алушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз етуі қажет. Бұл ретте мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі мен шығармашылық қабілеті маңызды рөл атқарады.

Зерттеулер көрсеткендей, пәнаралық байланысты тиімді пайдалану білім алушылардың оқу жетістіктерін арттырады. Олар алған білімдерін түрлі жағдайларда қолдана алады, сыни ойлау дағдылары қалыптасады және коммуникативтік құзыреттіліктері дамиды. Сонымен қатар, пәнаралық интеграция білім алушылардың оқу мотивациясын арттырып, олардың оқу үдерісіне деген қызығушылығын күшейтеді.

Пәнаралық байланысты кіріктіріп оқыту мәселесін тереңірек қарастыру үшін оның дидактикалық және әдіснамалық негіздеріне тоқталу маңызды. Дидактика тұрғысынан алғанда, пәнаралық байланыс – білім мазмұнын құрылымдаудың және ұйымдастырудың ерекше тәсілі болып табылады. Бұл тәсіл білім алушылардың әртүрлі пәндерден алған білімдерін біріктіріп, оларды кешенді түрде қолдануына жағдай жасайды. Ғалымдар пәнаралық байланысты білімнің жүйелілігі мен бірзділігін қамтамасыз ететін маңызды фактор ретінде қарастырады. Мысалы, Б.Г. Ананьев адамның танымдық әрекеті әрқашан

кешенді сипатта болатынын, сондықтан оқыту барысында да пәндер арасындағы байланысты ескеру қажеттігін атап көрсетеді [8, 736].

Шетел тілін оқытуда пәнаралық байланысты жүзеге асырудың тағы бір маңызды қыры – мазмұнды іріктеу мәселесі. Оқыту мазмұны тек тілдік материалмен ғана шектелмей, басқа пәндерден алынған ақпараттармен толықтырылуы тиіс. Бұл білім алушылардың тілдік ортаға енуін жеңілдетіп, олардың шынайы өмірмен байланысын күшейтеді. Мысалы, экология тақырыбын шетел тілінде оқыту барысында қоршаған ортаны қорғау мәселелері қарастырылып, білім алушыларға табиғатты сақтау туралы ақпарат беріледі. Бұл тек тілдік дағдыларды дамытуға ғана емес, сонымен қатар экологиялық мәдениетті қалыптастыруға да ықпал етеді. Ғалым М.Н. Скаткин оқыту мазмұнын таңдауда оның өмірмен байланысын қамтамасыз етудің маңыздылығын ерекше атап өтеді. Оның пікірінше, білім алушыларға ұсынылатын материал олардың күнделікті өмірімен байланысты болуы тиіс, сонда ғана олар оны тиімді меңгереді [9, 586]. Бұл тұрғыдан алғанда, пәнаралық байланыс білім мазмұнын өмірмен байланыстырудың тиімді құралы болып табылады.

Пәнаралық байланысты жүзеге асырудың әдістемелік аспектілерінің бірі – оқыту әдістерін дұрыс таңдау. Қазіргі педагогикада белсенді оқыту әдістері кеңінен қолданылады. Олардың қатарында проблемалық оқыту, жобалық әдіс, зерттеу әдісі және ойын технологиялары бар. Бұл әдістер білім алушылардың белсенділігін арттырып, олардың өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастырады. Мысалы, проблемалық оқыту барысында білім алушыларға нақты бір мәселе ұсынылып, оны шешу үшін әртүрлі пәндерден алған білімдерін қолдану қажет болады. Бұл олардың логикалық ойлау қабілетін дамытып, білімді терең меңгеруіне мүмкіндік береді.

Зерттеуші Л.С. Выготский оқыту мен дамудың өзара байланысын зерттей отырып, білім алушылардың «жақын даму аймағы» ұғымын енгізген. Оның пікірінше, білім алушылар жаңа білімді бұрынғы білімдерімен байланыстыра отырып меңгереді, ал бұл үдерісте пәнаралық байланыс маңызды рөл атқарады [10, 916]. Яғни, әртүрлі пәндер арасындағы байланыс білім алушылардың танымдық мүмкіндіктерін кеңейтіп, олардың даму деңгейін арттырады. Шетел тілін оқытуда мәдениетаралық компонентті дамыту да ерекше маңызға ие. Пәнаралық байланыс арқылы білім алушылар тек тілдік білім алып қана қоймай, сол тілде сөйлейтін халықтың мәдениеті, тарихы, дәстүрлері туралы да ақпарат алады. Бұл олардың мәдениетаралық коммуникацияға дайын болуына ықпал етеді. Ғалым С.Г. Тер-Минасова шетел тілін оқытуда мәдени компоненттің маңыздылығын атап өтіп, тіл мен мәдениеттің ажырамас байланыста екенін көрсетеді [11, 476].

Сонымен қатар, пәнаралық байланысты жүзеге асыруда бағалау жүйесінің де рөлі зор. Қазіргі білім беру жүйесінде қалыптастырушы және жиынтық бағалау түрлері қолданылады. Пәнаралық интеграция жағдайында бағалау білім алушылардың тек

тілдік дағдыларын ғана емес, сонымен қатар олардың басқа пәндер бойынша алған білімдерін қолдана алу қабілетін де қамтуы тиіс. Бұл бағалаудың кешенді сипатын қамтамасыз етеді. Пәнаралық байланысты енгізу барысында кездесетін қиындықтарды да ескеру қажет. Олардың қатарында оқу бағдарламаларының үйлесімсіздігі, мұғалімдердің дайындық деңгейінің жеткіліксіздігі және уақыттың шектеулі болуы сияқты мәселелер бар. Бұл қиындықтарды шешу үшін мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсету, біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру және оқу бағдарламаларын жетілдіру қажет.

Ғалымдар пәнаралық байланысты тиімді жүзеге асыру үшін бірқатар шарттарды атап өтеді. Біріншіден, пәндер арасындағы байланыс жүйелі және мақсатты түрде ұйымдастырылуы тиіс. Екіншіден, оқыту мазмұны білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы қажет. Үшіншіден, мұғалімдер арасында өзара ынтымақтастық орнату маңызды. Мысалы, шетел тілі мұғалімі басқа пән мұғалімдерімен бірлесе отырып, ортақ тақырыптар бойынша сабақ жоспарларын құра алады.

Пәнаралық байланысты жүзеге асырудың тиімді формаларының бірі – интеграцияланған оқу бағдарламалары. Мұндай бағдарламаларда әртүрлі пәндердің мазмұны біріктіріліп, білім алушыларға кешенді білім беріледі. Бұл тәсіл әсіресе жаңартылған білім беру жүйесінде кеңінен қолданылып келеді.

Шетел тілін оқытуда пәнаралық байланысты қолданудың нақты мысалдарын қарастыру да маңызды. Мысалы, «Ғылым және технология» тақырыбын оқыту барысында физика және информатика пәндерімен байланыс орнатуға болады. Білім алушылар жаңа технологиялар туралы мәтіндерді оқып, оларды талқылайды, өз пікірлерін білдіреді. Бұл олардың тілдік дағдыларын дамытуға ғана емес, сонымен қатар ғылыми білімдерін кеңейтуге де ықпал етеді.

Тағы бір мысал ретінде «Денсаулық» тақырыбын қарастыруға болады. Бұл тақырыпты оқыту барысында биология және дене шынықтыру пәндерімен байланыс орнатылады. Білім алушылар дұрыс тамақтану, салауатты өмір салты туралы ақпарат алып, оны шетел тілінде жеткізуді үйренеді. Бұл олардың коммуникативтік құзыреттіліктерін дамытуға ықпал етеді.

Пәнаралық байланысты жүзеге асыруда оқулықтар мен оқу құралдарының да рөлі зор. Қазіргі таңда көптеген шетел тілі оқулықтарында пәнаралық мазмұн қамтылған. Бұл білім алушыларға әртүрлі пәндер бойынша білімдерін кеңейтуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мұғалімдер қосымша материалдарды пайдалану арқылы сабақ мазмұнын байыта алады.

Жалпы нәтижелер , пәнаралық байланысты кіріктіріп оқыту – білім беру жүйесінің дамуының маңызды бағыттарының бірі. Бұл тәсіл білім алушылардың жан-жақты дамуына, олардың танымдық және коммуникативтік қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Сонымен қатар, пәнаралық интеграция білім алушылардың алған білімдерін өмірде қолдана алуына мүмкіндік береді. Сондықтан шетел тілі сабақтарында пәнаралық байланысты тиімді жүзеге асыру үшін оның әдістемелік негіздерін терең зерттеп, тәжірибеде кеңінен қолдану қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Лернер И.Я. *Дидактические основы методов обучения*. – М., 1981. – 346.
2. Давыдов В.В. *Теория развивающего обучения*. – М., 1996. – 566.
3. Гальскова Н.Д. *Теория обучения иностранным языкам*. – М., 2004. – 786.
4. Пассов Е.И. *Коммуникативный метод обучения*. – М., 1991. – 1126.
5. Аймауытов Ж. *Педагогика*. – Алматы, 1995. – 416.
6. Алтынсарин Ы. *Таңдамалы шығармалар*. – Алматы, 1988. – 226.
7. Dewey J. *Experience and Education*. – New York, 1938. – 656.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.